

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Теология факультеті

«КЕЛІСЕМІН»
Теология факультетінің деканы
С.Абжалов
«__»__ 202__ ж.

«БЕКІТЕМІН»
Әлеуметтік-мәдени даму
вице-ректory
Е.М.Түлегенов
«20»__09 202__ ж.

Теология факультетінің 2024- 2025 оқу жылында атқарған
тәрбие жұмыстары бойынша жылдық есеп

ЕСЕБІ

Факультет кеңесінің мәжілісінде қаралып,
№ 10 хаттамасымен бекітілді

«14»__05 2025 ж.

Тәрбие жөніндегі декан орынбасары

Н.Қыпшақбаев

1.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

Теология факультетінің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмыстары арнайы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Жоспарға сай эдвайзер және топ тәлімгерлері тағайындалды. Теология факультетінің 2024-2025 оқу жылындағы академиялық топтарына эдвайзерлер және топ басшылары төмендегі кесте бойынша факультет кеңесінде бекітілді.

Дінтану кафедрасы

№	топ	Студенттер саны	Староста аты-жөні	Старостаның байланыс номері	Эдвайзердің (куратордың) аты-жөні	Эдвайзердің (куратордың) байланыс номері
1	ТДТ-411 ТДТ-411	19	Джунусбеков Айдана	8747 351 0717	Назбекова Салтанат	+7 701 466 4229
2	ТДТ-311	12	Маулен Мухсина	87055013226	Бейсенов Айбек	87029960383
3	ТДТ-212	18	Серікбай Арайлым	87776447705	Сайфунов Бауыржан	87072760176
			Аппазова Индира	87471601772		
4	ТДТ-211	24	Исабек Сымбат	87077243040		
5	ТДТ-111	19	Жаксылық Аружан	87471757504	Телегенов Мухит	87073587276

Теология кафедрасы

№	топ	Студенттер саны	Староста аты-жөні	Старостаның байланыс номері	Эдвайзердің (куратордың) аты-жөні	Эдвайзердің (куратордың) байланыс номері
1	ТТО-411	18	Кәрімжанова Ақмерей	87053647650	Омаров Бақдаулет	87071162807
2	ТТО-412	17	Ерғазы Нурия	87074075303		
3	ТТО-411o	13	Әбдіохап Жәмиля	87070143783	Ибадулла Ысқақ	87079032008
4	ТИТ-411	13	Абдураупов Азихан	87022568202	Омаров Бақдаулет	87071162807
5	ТТО-311	23	Темірхан Балнұр	87475491339	Ибадулла Ысқақ	87079032008
6	ТИТ-311	10	Зияудин Әбдімүтәліп	87713124105	Ибадулла Ысқақ	87079032008

7	ТТО-212	16	Накып Айида	8771 1392758	Усаинова Ақмоншақ	87077059391
8	ТТО-211	29	Ырысмуха нбетова Аяулым	87074921709		
			Шырбанов а Ақжібек	87765042005		
9	ТИТ-211	8	Төлеутаева Ұлжан	87763362005		
10	ТИТ-212	9	Абдулхали л Сахаргул	87073624205	Қасымбеков Жусипбек	+7708195 9009
11	ТТО-111	26	Ілескен Аружан	87772723939		

Философия кафедрасы

№	топ	Студентте р саны	Староста аты-жөні	Старостаны ң байланыс номері	Эдвайзердің (куратордың) аты-жөні	Эдвайзердің (куратордың) байланыс номері
1	ТДФ -411	8	Мелдехан Гүлнәз Бабайбекқы зы	8707 715 1506	Досалиев Тимур	87476403491
2	ТФД -311	23	Мұхтар Меруерт	87783738024	Жаныкулов Нурлыбек	87785527736
3	ТПД- 311	12	Рысбайқызы Аймереке	87078012606	Тулеев Мақсат	87056496925

Жетекшілік ететін кафедра	Топ басшылары саны	Эдвайзерлер саны	Курстар
Дінтану	5	4	1, 2,3,4
Теология	11	4	1,2,3,4
Философия	3	3	1,2,3
Барлығы	19	11	1, 2, 3, 4

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЛЕСІ БАҒЫТТАРДЫ ҰСТАНЫП ЖҰМЫС АТҚАРДЫ:

1. Ұйымдастыру жұмыстары
2. Ұлттық –патриоттық тәрбие
3. Азаматтық–құқықтық тәрбие
4. Рухани, адамгершілік тәрбие
5. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
6. Көркемдік-эстетикалық тәрбие
7. Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру


I- ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

2024-2025 оқу жылында 02.09.2024ж. күні Теология факультетінің деканы С.Абжалов факультетіміздің басшылық құрамын жианп, Тәрбиенің және Жатақханын жоспарларымен танысып бекітті.

Теология факультетіне 6B02229-Теология, 6B02228-Дінтану, 6B02266-Исламтану, 6B02187-Философия-дінтану білім беру бағдарламалары бойынша қабылданған студенттермен Деканат басшылығы кездесу өткізді.

Кездесу барысында студенттерге декан, декан орынбасарларын, кафедра меңгерушілерін және факультетіміздің оқытушыларымен таныстырылып бағыт-бағдар берілді. Факультетіміздің деканы С.Абжалов студенттерді «Білім күнімен» құттықтап жылы лебіз білдіріп, құттықтаулар айтып, студенттерге факультет жайлы және оқу процесі туралы ақпарат берді. Шара соңында студенттер өздерін толғандырған сауалдарын жолдап, тың ақпараттар алды.

<https://www.facebook.com/share/p/JxP1WPQvQRPQgKJ2/>



Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі негізінде құрылатын Студенттік деканат құрамын жасақтап, факультет студенттік лидерін және студенттік деканат сайлауын өткізу:

19.09.2024ж. күні Теология факультетінің Студенттік активтері бас қосып студенттік деканы сайлау өткізді. Жиынды Теология факультетінің Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев сөз сөйлеп ашып берді. Студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтап, өзінің ізгі тілегін ақтарып, алдағы оқу жылына сәттілік тіледі. Кейін университетіміздің жастар орталығының басшысы А.Әскербекова сөз сөйлеп жастар орталығы жайлы кішігірім ақпарат беріп өтті.

Әуелгі сөз 2 курс студенті Мамай Ерланға берілді. Ол өз кезегінде 2023-2024 жылдары Студенттік деканаттың атқарған жұмыстары жайлы есептік баяндама жасады. Содан соң, факультеттің декан орынбасары: «2 курс студенті Мамай Ерланға Теология факультетінде бүгінге дейін Студенттік декан болып келеді. Студенттік декан міндетін атқару кезінде Ерлан өте белсенді жұмыс жасады. Факультет белсенділерін бір үйдің баласында

жұмылдыра білді. Факультет деңгейінде ғана емес, университет деңгейінде бірнеше шаралар өткізді. Е.Мамайдың Студенттік декандық қызметті атқаруын факультет болып оң бағалаймыз» дей келе, Ерланға білім-ғылым жолында жетістіктерге жетуіне тілек білдірді. Бұдан кейінгі кезекте шара барысы жаңа Студенттік декан сайлау рәсіміне ауысты.

Теология факультетінің декан орынбасары Қыпшақбаев Нұрперзент Студенттік декан сайлауына кез-келген студенттің үміткер бола алатынын студенттерге түсіндірді. Студенттер арасынан «Студенттік декандыққа» екі үміткер өзін-өзі ұсынды.

1. Рысбайқызы Аймереке (Психология-дінтану мамандығының 2-курс студенті)

2. Мұхтар Меруерт (Философия-дінтану мамандығының 2-курс студенті)

Аталған үміткерлер факультет студенттерінің алдында өз бағдарламаларын баян етті. Үміткерлердің бағдарламаларын тыңдап болғаннан соң, факультеттің студенттері мен актив білім алушылары ашық дауыс беру арқылы үміткерді таңдады. Сайлаудың ашық дауыс беру форматы, ашық қол көтеру арқылы жүзеге асты. Білімалушылардың көпшілік дауысын иеленген Психология-дінтану мамандығының 2-курс студент РЫСБАЙҚЫЗЫ Аймереке Теология факультетінің СТУДЕНТТІК ДЕКАНЫ болып сайланды.

<https://www.facebook.com/share/p/hLjcdmDvttEАНw57/>



Еңбегім елім үшін;

«Еңбек күні» мерекесін атап өту мақсатында 20.09.2024ж. күні Ахмет Ясауи университетінің Ректорат ғимаратының Піралиев конференция залында Теология факультетінің студенттері «Еңбегім елім үшін» тақырыбында үлгілі еңбек адамымен кездесу өткізді. Кездесудің негізгі кейіпкері Түркістан облысына танымал азамат, қазіргі таңда Қоғам белсендісі, әрі кәсіпкер - Сыздықов Зәкір Анарбайұлы

Теология факультетінің деканы С.Абжалов пен Ясауи ғылыми зерттеу институтының директоры Б.Сайфунов, Сыздықов Зәкір Анарбайұлыны студент жастарға таныстырды және де «Еңбек күні» мерекесінің мәні мен маңызын түсіндірді. Кездесу барысында Сыздықов Зәкір студент жастарға өзінің ғибратқа толы еңбек жолын әңгімелеп берді. Тағдырдың ауыр сынақтарына иілмей төтеп беріп, аяқ-қолдары балғадай азаматтар қол жеткізе алмаған белестерді бағындырып жүрген қайсар рухты қонағымыздың өмір жолы студенттерге үлкен әсер қалдырды. Сыздықов Зәкір «Еңбегім елім үшін» тақырыбындағы кездесу жастарға бейне бір мотивациялық мастер класс болды. Кездесу соңында студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауаптар берілді. Кездесу соңында қонаққа университет атынан сый-сияпаттар табыс етілді.

Сыздықов Зәкір Анарбайұлы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында 1977 жыл 10 Қаңтарында дүниеге келген. Ы. Алтынсарин атындағы мектепті оқыған. 1993- 2010 аралығында жеке бизнеспен айналысқан. 2011-2018 жылдары Алматы қаласында АВЕХ компаниясында прораб қызмет атқарған. 2018-2021 жыл аралығында "ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС"газетінің Түркістан Облысы бойынша директоры қызметі, 2021-2023 жыл аралығында "КАНО үздіксіз білім беру қауымдастығы", Түркістан облысы бойынша қаржы директоры қызметін атқарған. Қазіргі таңда Қоғам белсендісі, әрі кәсіпкер. Халықтың мұң мұқтажын жоғарыға жеткізіп, әкімдермен және басқада мекеме басшылармен тығыз байланысып, елдің мәселесін шешумен айналысады. Жемқорлық болған жерде мен қарсы жұмыс жасайды. 2020 жылы "Құрмет белгісі" медалымен, 2022 ші жылы Бауыржан Момышұлының "Батыр шапағаты" медалымен, 2022 Қазақстан Алтын кітабына кірген. 2024 жылы "Шұғылалы таң" қайырымдылық қоғамдық қорының "МЕЙІРІМ" медалымен марапатталған.


<https://www.facebook.com/share/p/XCg73bVjDu6Zxu1N/>



Отбасылық мереке;

17.09.2024ж. күні сағат 15:00 де университетіміздің конференция залында Отбасылық мереке күніне орай факультетіміздің PhD аға оқытушысы Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы **“Отбасындағы дәстүрлердің мәні мен маңызы”** - атты тақырыптарға студенттерге дәріс оқыды.

Дәрісте М.Төлегенов: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді қазақ халқы. Отбасында қандай тәрбие көрсе, бала ержеткенде сол тәрбиені қоғамда, өзі жүрген ортасында қолданады. Ата-анасының мейіріміне бөленіп, жақсы мен жаманды ажыратуды үйреніп, санасына игі максаттарды, рухани құндылықтарды сіңіріп өскен баладан нағыз елін, жерін сүйген патриот, адамгершілігі мол азамат қалыптасатыны анық. Бала тәрбиесіндегі дәстүрлер, қалыптасқан әдет-ғұрыптар әр отбасында әртүрлі. Жеткіншектің азамат болып өсуіне отбасындағы өзара қарым-қатынастың әсері күшті» деген секілді ойлар айтып студенттерді рухани қазаки құндылықтармен жігерлендірді. Студенттерге де тақырып қызықты болып, дәріс соңында өздерінің сұрақтарын қойып, тұшымды жауап алды.



“Мейірім жүректен, қайырым білектен” атты қайырымдылық акциясы;

27.02.2025ж. күні Теология факультетінің ұйымдастыруымен 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмыс жоспары негізінде Теология факультетінің Студенттік деканаты Түркістан қаласының № 7 арнайы мектеп-интернатында **“МЕЙІРІМ ЖҮРЕКТЕН, ҚАЙЫРЫМ БІЛЕКТЕН”** атты қайырымдылық акциясын өткізді. Факультеттің Студенттік деканы Рысбай Аймерекенің үйлестіруімен факультетіміздің 16 белсенді студенті балақайларға үлкен қуаныш сыйлап қайтты. Қайырымдылық шарасы Теология факультеті студенттерінің мектеп оқушыларына концерттік қойылымдар қоюымен басталды. Концерттік кеш аясында студенттер ән айтып, мың бұралып би биледі, құйқылжыта күй тартты, сахналық қойылым қойып мектеп-интернат оқушыларының жүректерінен жол табуға тырысты. Нәтижесінде концерттік шараның ғажайып әсері, мектеп-интернат оқушыларының сахнаға шығып өз шығармашылықтарын паш етуіне ұласты. Оқушылар да ән салып, би билеп қайырымдылық кеші бүкіл қатысушыларды нұрға бөлеп, бейне бір бақыттың құшағына әкеткендей сырлы сезімге бөледі. Қайырымдылық шара аясында факультет студенттері тарапынан мектеп-интернат оқушыларына тәтті шоколадтар, блокнот, түрлі-түсті қағаздар т.б. оқуға қажетті жабдықтар үлестірілді. Оқушыларға логикалық және де викториналық сұрақтар қойылып, жан-жақты жауаптар алынды. Аталмыш шара барысында ұйымдастырушылар да қатысушылар да ғажайып сезімге бөленді.

Қайырымдылық шара соңында №7 арнайы мектеп- интернатының қызметкерлері **“МЕЙІРІМ ЖҮРЕКТЕН, ҚАЙЫРЫМ БІЛЕКТЕН”** - атты қайырымдылық акциясын

ұйымдастырған Теология факультетінің студенттеріне мектеп ұжымы атынан үлкен алғысын білдірді.



24.04.2025ж. күні Факультетіміздің деканы С.Абжалов және Оқу әдістемелік ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жаркинбаева Аралық бақылау мен сессия уақыттары жақындап қалуына байланысты студенттермен кездесіп, олардың емтиханға дайындықтарын тексеріп, емтихан ережелерімен таныстырып өтті. Студенттер емтиханға және оқу процесіне қатысты сұрақтарын қойып, өз ойларымен бөлісті

https://www.facebook.com/permalink.php?story_fbid=pfbid0TgK2MD1byoophPcNrFN3ebudCNUf1wVQmrC9m5DecyYGioGTBqRUDS2fWz7vhP1MI&id=100073154276693

3

29.04.2025ж. күні Бүгін Ахмет Ясауи университетінің Кітапхана ғимаратындағы конференция залында Теология факультетінің студенттері үшін «Дін туралы мемлекеттік заңнама: қазақстандық және халықаралық тәжірибе» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Бұл шара факультет студенттерін сала мамандарымен кездестіру жоспары аясында өткізілді.

Кездесудің құрметті қонағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, заңгер, дінтанушы, PhD доктор Бақытжан Сапаров. Шараның ашылуында факультет деканы С.Абжалов қонақты таныстырып, тақырыптың маңыздылығына тоқталып, кіріспе сөз сөйледі.

Бақытжан Сапаров өз баяндамасында дін туралы мемлекеттік заңнаманың практикалық мәніне ерекше назар аудара отырып, заңнаманың негізгі тұстарын түсіндірді. Сонымен қатар, ол студенттердің өз мамандықтарына деген қызығушылығын арттыруға қатысты құнды кеңестерін берді.

Кездесудің соңында студенттер қонаққа семинар тақырыбы төңірегінде өз ойларын білдіріп, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алды. Шара студенттер үшін мазмұнды әрі жоғары деңгейде өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/18s6N7ZiL8/>

30.04.2025ж. күні Факультетіміздің оқытушылары Ж.Қасымбеков және Б.Нуритдинов кәсіби бағдар бойынша Шымкент қаласындағы "Шымкент медресе колледжіне" барып биылғы бітіруші шәкірттермен кездесіп университетіміз және факультетіміз жайлы кеңінен ақпарат беріп қайтты.

Бітіруші шәкірттерге факультетіміздегі барлық мамандықтарды таныстырып, оның маңыздылығын түсіндіріп оқуға шақырды. Және осы медресені түлегі қазіргі таңда Теология факультетінің 1-курс студенті Махамбет Қалжан 2024-2025 оқу жылында ақылы бөлімге түсіп қазіргі таңда жақсы оқып, квотаға өткендігі жайлы медресе шәкірттеріне айтып, қызықтырды.

Кездесу барысында медресе шәкірттері факультетіміздің мамандықтарына қызығушылық танытып, мамандыққа қатысты әртүрлі сұрақтар қойды. Кәсіби бағдармен барған оқытушыларымыз шәкірттердің барлық сұрағына тұщымды жауап берді.

Шәкірттер осы жылы университетімізге оқуға келетіндерін айтып, өз ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/1AY8fVVJEE/>

06.05.2025ж. күні Қонақта – Сарыағаш медресе колледжінің шәкірттері

Университет қабырғасында Сарыағаш медресе колледжінің шәкірттері келіп, білім ордамыздың тыныс-тіршілігімен, оқу үдерісімен және заманауи инфрақұрылымымен танысып қайтты.

Факультетіміздің білікті оқытушылары Ж.Қасымбеков пен Б.Нуритдинов шәкірттермен жылы жүздесіп, кәсіби бағдар беру мақсатында факультетімізде даярланатын мамандықтар жайлы кеңінен мағлұмат берді. Жастардың көкейлерінде жүрген сұрақтарына тұшымды жауап беріліп, болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар ұсынылды.

Осындай тағылымды кездесу шәкірттердің болашаққа сеніммен қадам басуына серпін берері сөзсіз. Білімге құштар жас ұрпаққа сәттілік тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/16GCyYm83T/>.

II-ҰЛТТЫҚ –ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Мемлекет басшысының халыққа жолдауын түсіндіру бойынша студенттер арасында дәрістер ұйымдастыру:

10.09-12.09.2024ж күндер аралығында факультетіміздің эдвайзерлері мемлекет басшысының жолдауын білім алушыларға түсіндірді.

Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаев 02 қыркүйек күні өзінің жолдауында 2024 жылы 06 қазанда республикалық референдум өткізетіндегін айтты. Қаулы:

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10) тармақшасына және «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 18-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізілсін.
 2. Республикалық референдумға: «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сауал шығарылсын.
 3. Осы Жарлық 2024 жылғы 3 қыркүйекте бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялансын.
 4. Республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу Референдумның орталық комиссиясының қызметін атқаратын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ референдумның аумақтық және учаскелік комиссияларының қызметін атқаратын аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына жүктелсін.
 5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдасын.
 6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.
- Осы жоғарыдағы аталған қаулыны факультетіміздің барлық білім алушыларын түсіндіріп, студенттердің қойған сұрақтарына тұшымды жауап берілді.



“Абайдың толық адам ілімінің тағылымы мен түйіні қандай?”-атты семинар;

2025 жылдың 20 наурызы күні Теология факультетінің ұйымдастыруымен «Абайдың Толық адам ілімінің тағылымы мен түйіні қандай?» атты тағылымдық іс-шара өтті. Бұл

басқосу ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен студенттердің рухани дамуына бағытталған маңызды кездесу болды.

Іс-шараны университетіміздің Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі вице-ректоры Төлегенов Еділ Мейірбекұлы ашып, Абай ілімінің ұлттық идеологияны қалыптастырудағы рөліне тоқталды. Ол ұлы ойшылдың еңбектері кез келген кезеңде өзектілігін жоғалтпайтын рухани бағдаршам екенін атап өтті.

Теология факультетінің деканы С.Абжалов студенттердің тәрбиелік шараға белсенді қатысуының маңыздылығын атап, Абайдың ілімі – ұлттық сананы жаңғыртудың негізгі қайнар көздерінің бірі екенін айтты.

Іс-шараның негізгі баяндамасын Теология факультетінің PhD, аға оқытушысы Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы жасады. Ол Абайдың «Толық адам» концепциясының мәнін ашып, оның бүгінгі қоғамға берер тағылымын жан-жақты талдады.

Іс-шара барысында студенттер мен қонақтар Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян тамашалап, «Жан-жүректің дауасы – Абайдың асыл мұрасы» атты сахналық қойылымды көрді. Сонымен қатар, студенттер үшін арнайы викторина ұйымдастырылып, жеңімпаздарға Абайдың кітаптары мен университеттің естелік сыйлықтары табысталды.


Іс-шара соңында Ясауи ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD, Сайфунов Бауыржан Абайдың қара сөздеріне тоқталып, оның өлеңдерінің ұлт үшін, қоғам үшін маңыздылығын айрықша атап өтті.

Бұл тағылымдық шара Абай мұрасының мәңгілік құндылық екенін тағы бір дәлелдеп, жастарды рухани кемелдікке жетелеу жолында маңызды қадам болды.



«Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі құндылықтардың жастар үшін маңызы» атты семинар;

22.04.2025ж күні Теология факультетінің аға оқытушысы PhD М.Төлегенов студенттермен кездесіп **«Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі құндылықтардың жастар үшін маңызы»** атты семинар өткізді. Бүгін өткен тағылымы мол семинар – рухани кемелденуге бағытталған маңызды қадам болды. Ұлы бабамыз Қожа Ахмет Ясауи ілімі – тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі жастарға жол көрсететін рухани шамшырақ. Ясауи ілімінің басты құндылықтары жастарды тәрбиелеуде таптырмас негіз бола алады. Семинарда көтерілген ойлар – студенттердің жүрегіне жетіп, ұлттық рухты оятатын маңызды үндеу болды. Өткенді танып, бүгінге зер салып, ертеңге сеніммен қарау үшін осындай рухани кездесулердің мәні зор.



Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетовтың 100 жылдығына арналған тағылымды дөңгелек үстел;

2025 жылғы 1 наурызда университетіміздің Сенат залында Теология факультетінің ұйымдастыруымен Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетовтың 100 жылдығына арналған тағылымды дөңгелек үстел өтті. Бұл шара – батыр бабаларымыздың ерлік мұрасын ұрпақ санасына сіңіру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараны университетіміздің вице-ректоры Е.Төлегенов ашып, Сағадат Нұрмағанбетовтің ерен еңбегі мен ерлік жолына тоқталып, батырдың өнегелі өмірін жас ұрпаққа үлгі етудің маңыздылығын атап өтті. Шараның құрметті қонағы – Спорт және өнер факультетінің аға оқытушысы, подполковник А.Асанов «Сағадат Нұрмағанбетовтің өмір жолы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, батырдың әскери ерліктері мен елге сіңірген зор еңбегін егжей-тегжейлі баяндап берді.

Сонымен қатар, Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының директоры Б.Сайфунов «Отанға адал ерлер» тақырыбында тарихи-танымдық баяндама оқып, Отан үшін аянбай тер төккен батырларымыздың қаһармандық қасиеттеріне тоқталды. Ол өз сөзінде ұлт руханияты мен елдік мұрат жолында күрескен ерлердің ерлігі бүгінгі ұрпаққа күш-жігер, намыс отын сыйлайтынын ерекше атап өтті.

Дөңгелек үстелде факультетіміздің студенттері Ә.Зияуддинов пен М.Мәулен де белсенділік танытып, Сағадат Нұрмағанбетовтің өмірі мен қызметі жайлы баяндамалар оқыды. Сондай-ақ, олар батырдың ерлігі мен елге деген сүйіспеншілігін жырлап, патриоттық рухты көтеретін өлеңдер орындап, жиналған қауымға ерекше әсер сыйлады.

Бұл тағылымды жиын тек бір тұлғаның өмір жолын еске алу ғана емес, болашақ ұрпақты ерлік пен елдікке үндеген мәні зор басқосу болды. Сағадат Нұрмағанбетовтің есімі – халық жүрегінде мәңгі сақталар батырлықтың, қайсарлықтың символы. Оның асыл мұрасы – келешек ұрпақ үшін сарқылмас рухани қазына.



14.04.2025ж. күні Экономика, басқару және құқық факультеті және Теология факультетінің студенттермен бірге Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерліктерге арналған Данқ монументіне танымдық экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсияның мақсаты — жас ұрпаққа ел тарихын таныту, батыр бабаларымыздың ерлігін дәріптеу және Отанға деген сүйіспеншілік сезімін ояту болды.

Экскурсия барысында студенттер монументтің тарихымен, ондағы бейнеленген батырлар мен символдардың мағынасы туралы мағлұмат алды.

Бұл танымдық шара студенттердің патриоттық рухын көтеріп, тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Экскурсия соңында студенттер естелік суретке түсіп, алған әсерлерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/15SYkkUuYZ/>

23.04.2025ж. күні «Бүгінгі бейбіт өмір – кешегі ерліктің нәтижесі» Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 80 жылдығына арналған факультетаралық пікірталас сәтті өтті!

“Жастар бұл жауапкершілікті сезіне ме?” деген маңызды сауал төңірегінде стоматология, филология, теология, медицина және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің

https://www.instagram.com/reel/DI0cz5hNSPt/?utm_source=ig_web_copy_link


Факультеттің барлық студенттеріне университеттің оқу процесін, тәртіп сақтау мен жатақханада тұру ережелерімен таныстыру;

рілді.



30.10.2024ж. күні Теология кафедрасының оқытушысы Б.Нуридтинов студенттерді жат ағымдардан алдын алу бойынша семинар өткізді. Сеимнар тақырыбы: "Теологиялық радикалсыздандырудың өткені мен бүгіні".

<https://www.facebook.com/share/p/1AYuxH8Lnk/>



«Екі дүние сардары - Мұхаммед»;
10.10.2024ж. күні Теология факультеті және Ясауи ғылыми зерттеу институтының ұйымдастыруымен Пайғамбарымыз Мұхаммедтің(с.ғ.с) туған күніне орай "МӘУЛІТ

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ" атты тәрбиелік кеш өткізілді. Тәрбиелік кешке келушілерге гүл шоқтары, тәрбиелік мәні бар жазбалар және де тәтті шоколадтар ұсынылды.

Салтанатты кеш әуелі мұсылман жұртының қасиетті мәтіні - Құран Кәрім оқылумен ашылды. Шараны салтанатты түрде университеттің Әлеуметтік мәдени даму вице-ректоры Е.Төлегенов мырза ашып берді. Өз сөзінде вице-ректоры Е.Төлегенов: "Шараға келген қонақтар мен оқытушы-профессор құрамын, студенттерді құттықтап жылы лебізін білдірді. Және Теология факультетінің студенттеріне мамандықты маңыздылығын, келшегін айтып студенттерге қолдау көрсетті.

Шара одан әрі білімалушылардың Мұхаммед Пайғамбарға арнауымен жалғасты. Келесі ретте студенттердің арасында пайғамбарымызға мәуліт оқыды кейін, "Хикметшілер" тобы Ахмет Ясауи хикметтерін жырлады. Шара барысында Хз.Мұхаммедке салауаттар айтылып, өнегелі өсиеттер айтылды. Қатысушыларды үлкен әсерге бөлеген факультет студенттерінің тәрбиелік мәнге толы сахналық қойылымы болды. Шараға қатысушы университет басшылығы мен оқытушы-профессорлар құрамы студенттер өнеріне дән риза болып, білім жолында үлкен табыстарға жетулеріне тілек білдірді.

Шара соңында сұрақтар қойылып, дұрыс жауаптар берген азаматтарға тәрбиелік іс-шара ұйымдастырушылары тарапынан сыйлықтар үлестірілді.

Тәрбиелік шара соңында Ясауи ғызыми зерттеу институтының директоры Сайфунов Бауыржан ұйымдастырушыларға алғысын айтып, шара жайлы өзі ойымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/15RaEBFpEe/>



Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында «буллинг», «кибербуллинг»;

02.10.2024ж. күні Теология факультеті ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Қыпшақбаев Нұрперзент №1, №2 студенттер жатақханасында студенттердің тәртібін бақылау мақсатында кезекшілік атқарды. Кезекшілік атқару барысында білімалушылар тарапынан қандай да бір тәртіп бұзушылық оқиғалары тіркелмеді. Кезекшілік уақытында №2 студенттер жатақханасындағы жігіттерді оқу залына жинап студенттердің арасында белең алған “Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында “буллинг”, “кибербуллинг” мәселесі” кеңінен ашықтап түсіндіріп өтті. Лекцияға 2024-2025 оқу жылында оқуға түскен 1-курстар қатысты. Кездесу соңында студенттер тарапынан тақырыпқа қатысты сұрақтар қойылып, сұрақтарына тұщымды жауап берілді.




Бітіруші курстарды жұмыс берушілермен кездестру;

19.11.2024ж. күні Теология факультетінің студенттері Павлодар облысы бойынша Қылмыстық Атқару Жүйесі департаментінің әділет подполковнигі Н.А.Тойғанбаев және әділет майоры Н.А.Баякенов мырзалармен кездесті.

Кездесудің мақсаты Теология факультетінде дайындалатын мамандарды (дінтанушы, теолог, исламтанушы, психолог-дінтанушы, философ-дінтанушы) болашақта қызметпен қамтамасыз ету.

Кездесу барысында әділет подполковнигі - Н.А.Тойғанбаев мырза Қылмыстық Атқару Жүйесі қызметкерлерінің ерекшеліктерімен білім алушыларды таныстырды. Қылмыстық Атқару Жүйесі департаментінде сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыстармен айналысатын жұмыс топтарына дінтанушы, теолог, исламтанушы, психолог-дінтанушы, философ-дінтанушы мамандардың қажеттілігі туындап отырғанына екіпін қойды. Білімалушыларды маман ретінде Қылмыстық Атқару Жүйесінде қызмет етуге шақырды. Теология факультетінің бітіруші түлектерін Қылмыстық Атқару Жүйесінде қызметпен қамтамасыз ету үшін университетпен Қылмыстық Атқару Жүйесі арасында меморандум түзілетіндігін хабарлады. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға қонақтар жан-жақты жауап берді.

<https://www.facebook.com/share/p/18kx3YHFJg/>



«Тәуелсіздік Тарландары»;

Жоспарға сәйкес бұл шара болмады. Студенттер үшін желтоқсан Аралық блок және емтихан айы болғандығы үшін желтоқсан айындағы шарлар студенттердің өтінішімен кейінге қалдырылды.

17.03.2025ж. күні «Ұлттық киім–ұрпаққа асыл мұра» 18-Наурыз ұлттық киім күні. Ұлттық киім – кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттың бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих. Осы керемет мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, әр үйде ұрпақтан – ұрпаққа берілетін басты отбасылық құндылықтар — өзара сыйластық, қонақжайлылық, үлкендерді құрметтеу, кішілерге қамқорлық таныту және ұлттық дәстүрлер сақталсын. Біз бұл видео челленджд @yasawi_social_humanitar факультетіне жолдаймыз.

<https://www.facebook.com/share/v/154LbxiEve/>

12.04.2025ж. күні университетіміздің белсенді студенттері сенбілікке атсалысты. Таңғы сағат 9:00-де жиналған Теология факультетінің студенттері Түркістан облыст Ясауи орталық мешітін тазалап, көгалдандыру жұмыстарына қатысты. Олар мешіттің ішін тазалап, қоқыс жинап, гүлзарларға жаңа гүлдер отырғызды.

Студенттер бұл шараға үлкен жауапкершілікпен қарап, бірлік пен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Мұндай іс-шаралар олардың экологиялық мәдениетін арттырып қана қоймай, қоғамға пайдалы істерге атсалысуына жол ашады.

Сенбілік соңында барлық студенттерге мешіт ұжымынан ризашылық білдіріп, жақсы көңіл-күймен тарасты. Бұл шара – жастардың белсенділігі мен патриоттық сезімінің айқын көрінісі болды

<https://www.facebook.com/share/p/16RW7NupKD/>

04.04.2025ж. күні Университетімізде Ұлыстың ұлы мейрамы – Наурыз мерекелік іс-шара өтті. Іс-шара барысында университет факультеттерінің қатысуымен ұлттық ойындар, ұлттық әндер, ұлттық билер және қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері орындалды. Мерекелік

<https://www.facebook.com/share/p/16Yk2EH526/>


IV-РУХАНИ, АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ

“Ұлағатты ұстаз”;

Ұлағатты ұстаздар күні арнайы шара ұйымдастырылмады. Тек студенттер тарапынан оқытушыларды құттықтау шарасы өтті. Арнайы түсірілген видеолар бар.

Факультеттің белсенді студенттері, топ басшыларымен бірлескен отырысын өткізу;

27.09.2024ж. күні Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасы Н.Қыпшақбаев факультеттің белсенді студенттермен кездесіп факультеттің **“Тәрбие жоспары”** мен **“Жатақхана жоспарын”** таныстырды және қыркүйек айында болатын іс-шараларды талқылады. Кейін 2024-2025 оқу жылында белсенді студенттердің қатарына жаңадан қосылған 1-курс студенттеріне жалпы ережелерді түсіндіріп өтті.



Жатақханаға кезекшілік;

30.09.2024ж. күні Теология факультеті Философия кафедрасының аға оқытушысы, PhD Жаныкулов Нурлыбек №1 студенттер жатақханасында студенттердің тәртібін бақылау мақсатында кезекшілік атқарды. Кезекшілік атқару барысында білімалушылар тарапынан қандай да бір тәртіп бұзушылық оқиғалары тіркелмеді.

Кезекшілік уақытында №1, 2 студенттер жатақханасындағы жігіттер мен қыздарға **“Қазақ халқының этикалық философиясының бастауы - ұлттық тәрбие және дәстүрлі құндылықтар”** атты тақырыпта тәрбие сағатын өтті.



04.10.2024ж. күні Теология факультеті Теология кафедрасының оқытушысы, Ибадулла Ысқақ №2 студенттер жатақханасында студенттердің тәртібін бақылау мақсатында кезекшілік атқарды. Кезекшілік атқару барысында білімалушылар тарапынан қандай да бір тәртіп бұзушылық оқиғалары тіркелмеді.

Кезекшілік уақытында №2 студенттер жатақханасындағы қыздарға **“Жасөспірімдер, жеткіншектер арасында “буллинг”, “кибербуллинг” мәселесі”** атты тақырыпта тәрбие сағатын өтті.

Студенттермен тәрбие жұмыстар бойынша;

Теология факультетінің деканы Сұлтанмұрат Өтешұлы Абжалов 20.11.2024 ж. күні университеттің №1, 2 ұлдар және қыздар жатақханасында тұратын факультет студенттерінің жалпы жағдайымен танысып, кездесу өткізді. Кездесу барысында білім алушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарды қойды. Факультет деканы С.Абжалов студенттерге жатақханада тұру ережесі мен жалпы оқу процесіне қатысты мәселелерді түсіндірді. Сонымен қатар студенттік өмірді барынша пайдалы, тиімді өткізудің

маңыздылығына ерекше назар аударып, қазіргі кезде әр азамат өзін ұдайы дамытып отырмаса замана ағысынан қалып қоятынын ескертті. Кездесу барынша еркін форматта өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/12D3x8T5tzT/>



«Қарттар мен мүгедектер үйі» бару акциясы;

06.12.2024ж. күні Факультетіміздің студенттері университетіміздің жастар орталығымен бірлесіп Шымкент қаласында орналасқан «Қарттар мен мүгедектер үйі» барып қарттарымыздың көңіл күйлерін көтеріп қайтты.

Студенттеріміз қарттарымыздың көңіл аулау үшін әртүрлі қойылымдар қойып, ән айтып ол кісілермен сұхбаттасып қарттарымыздың көңілдерін марқайтып қайтты. Кездесу соңында ақсалдарымызбен ақ жаулықты аналарымыз студенттерге жылы лебіздерін білдіріп, ақ батасын берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Nrut7WrqF/>



17.02.2025ж. күні сағат 16:30 3-ғимарат 336-ауд Теология факультетінің аға оқытушысы PhD Б.Сайфунов «**Ясауи іліміндегі адам құндылықтары**» - атты студенттерге тәрбиелік сабақ өтті. Дәріске жатақханада жататын студенттер және 1-2-3 курстар қатысты.

Дәрісте Б.Сайфунов: «XII ғасырда өмір сүрген ұлы тұлға Ахмет Ясауидің түркі халықтарының ұлттық құндылықтары мен діни дүниетанымын қалыптастырудағы орнын айтты. Және «Диуани Хикмет» атты еңбегі арқылы түркілік мәдениет пен исламдық құндылықтардың ұштастырылуы, рухани тәрбие мен моральдық құндылықтардың насихатталуы туралы айтылады». Тәрбиелік іс-шара соңында студенттер тақырыпқа қатысты түрлі сұрақтарын қойып, сұрақтарына тұщымды жауап алды.



28.02.2025ж. күні Теология факультетінің кураторлары білім алушыларға “Мейірімді қоғам-рухани құндылықтар”, “Мейірімділік дағдарысы: қазіргі қоғамдағы қарым-қатынастар мен құндылықтардың өзгеруі”, “Мейірімділік әлемді жарқыратады”, “Мейірімділік мұсылман бейнесі”, тақырыптарында тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Кураторлар білім алушыларға білім алудың алдында тәртіп пен тәрбиенің маңыздылығы, тәрбиесіз білімнің болмайтындығы түсіндіріп студенттерге рухани бір нәр берді. Тәрбиелік іс-шара әртүрлі қызықты форматта болып, білім алушылардың көңілінен шықты.



01.03.2025ж күні Мұхаммед Пайғамбарымыз: «Адамға алғыс айта алмаған кісі, Аллаға да шүкіршілік ете алмайды» дейді. Осы асыл сөзді бойтұмар еткен факультетіміздің студенттері 1 наурыз – «Алғыс айту» күніне орай, факультетіміздің тазалығына жауапты Ұлтусын ханымға ерекше құрмет көрсетті. Олар Ұлтусын апайымыздың еңбегін бағалап, шынайы алғыс білдіріп, шын жүректен сыйлықтар тарту етті. Мейірім мен құрметке толы бұл сәт Ұлтусын апайымыздың жүрегін елжіретіп, көзіне жас алдырды. Ол студенттерге деген ризашылығын білдіріп, жүрекжарды тілегін арнап, білім алушыларға ақ батасын берді. Бұл игі іс-шара тек алғыс білдіру ғана емес, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрінің жарқын көрінісі болды.

<https://www.facebook.com/share/p/12KnNDBtS7v/>

V-ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ


Факультетте, жатақханада «Дүниежүзілік ЖИТС-ке, нашақорлыққа, темекіге қарсы» акция ұйымдастыру;

13.11.2024ж. күні Медицина, стоматология және теология факультеттерінің ұйымдастыруымен Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен Түркістан облыстық қан орталығының мамандары қатысуымен студенттерге “Дүниежүзілік ЖИТС-ке, нашақорлыққа, темекіге қарсы” атты шара өткізді. Шара барысында студенттерге ЖИТС-ке, нашақорлыққа, темекіге қарсы мәселелерді кеңінен тарқатып түсіндірді.

<https://www.facebook.com/share/p/19GPvQiLSV/>



26.02.2025ж. күні Теология, Медицина және Стоматология факультеттерінің ұйымдастыруымен «Нашақорлықтың алдын алу» бойынша іс-шара өткізілді. Шараға «Облыстық АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының МКҚК-ның маманы Кенжегулов М.А. және Нарколог маман Шалапов Д.М. қатысып студенттерге тың ақпараттар айтты. Шара барысында студенттердің жаман нәрсенің жоламау үшін олардың адам өміріне, отбасыға және қоғамға қауіпті тұстарын айтып берді. Шара соңында студенттер өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойып, сұрақтарына тұщымда жауап алды.



VII-АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тәрбие жұмысы мен ауқымды іс-шараларды жүйелі түрде БАҚ беттерінде жариялау, әлеуметтік желіге, университет порталына орналастыру;

2024-2025 оқу жылы басталғалы бері факультеттің маңызды іс-шаралары әлеуметтік желіге жарияланып отырды.

Бағдарлама аясында өткізілген шаралар мен бағдарлама маңызын насихаттайтын жаңалықтарды әлеуметтік желілерде, парақшаларда жариялап отыру;

2024-2025 оқу жылында Факультетіміздің оқытушылары TURKISTAN» телеарнасы «Руханият» бағдарламасына сұқбат берді.

<https://www.facebook.com/share/p/18Xw9S8PnM/>

<https://www.facebook.com/share/p/17jZHXh7JA/>

<https://www.facebook.com/share/p/14CwVEsmN3/>

<https://www.facebook.com/share/p/1CsaKtFeq6/>

<https://www.facebook.com/share/p/1HJ9Nh6PGR/>

<https://www.youtube.com/watch?v=Nr48a0o-yMs>

<https://www.youtube.com/watch?v=c0U1YE2um1w>

<https://www.youtube.com/watch?v=P9xhb4r8Faw>


<https://www.youtube.com/watch?v=JqJ-64XscoY>

SWOT талдау

Күшті жақтар (Strengths)	Әлсіз жақтар (Weaknesses)
1. Факультетте өзін-өзі басқару құрылымы, студент жастардың мәселелерін талдауға және дер кезінде шешуге мүмкіндік жасалған; 2. Оқу орнында жүйесі қалыптасқан өзін-өзі басқару студенттік құрылымының болуы; 3. Оқу орны студенттерін басқарудың тиімді механизмдерінің қалыптасуы;	1. Студенттерді қоғамдық жұмыстарды белсенді атқарғаны үшін жеткіліксіз ынталандырылуы; 2. Университет жастарына мәдени іс-шара жүргізуге арналған материалдық базаның жеткіліксіз болуы; 3. Жұмыс берушілермен және қоғам белсенділерімен тығыз байланыс орнату арқылы студенттердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру;

Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіп-қатерлер (Threats)
1. Университетімізде білім алатын түркі әлемі жастарына ортақ тәрбиелік мәдениет және түркілік рух қалыптастыруға мүмкіндіктің болуы; 2. Шетелдік университеттермен студент алмасу ісі білімгерлер арасында тұлғалық құндылық қалыптастыруға көмек беруі; 3. Жүлдегер студенттерді моралдік және материалдық ынталандыру жүйесін дамыту; 4. Тәрбие жұмыстарының инновациялық тәсілдерін қолдану арқылы студенттердің қызығушылығын арттыру;	1. Белгілі бір шаралардың уақытылы өткізілмеуі және жоспарлардан ауытқулар болуы мүмкін; 2. Кейбір іс-шараларға студенттердің қызығушылық танытпауы немесе аз қатысуы; 3. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар немесе басқа да сыртқы факторлар (мысалы; АБ, сессия) жоспарлардың толық орындалуына әсер етуі мүмкін.

Теология факультетінің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары



Н.Қыпшақбаев